

Молдабаева Г.М., Заманбеков Н.А., Туруспаева Ш.Д.,
Шыныбаев К.М., Сиябеков С.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ БРОНХОПНЕВМОНИЯМЕН
АУЫРҒАН БҰЗАУЛАР ҚАНЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Андатпа

Жекелеген функциялары бойынша да, химиялық құрамы жағынан да көптеген емдік компоненттер мен биологиялық белсенді заттары бар емдік шөптердің бай қоры болып табылатын өсімдіктер әлемі табиғатына қарай күрделі өсімдіктерден жасалған препараттарды пайдалану ветеринарияда үлкен маңызға ие, себебі олар синтетикалық препараттарға қарағанда экологиялық қауіпсіз, экономикалық жағынан тиімді, қолжетімді және оларды алмастыра алады. Сондықтан да өсімдіктерден жасалатын жаңа препараттарды дайындау және оларды ветеринария саласына енгізу, Қазақстан Республикасы флорасының байлығы көптеген мүмкіншіліктерге жол ашатынын ескере отырып, қазіргі таңда үлкен ғылыми-тәжірибелік маңызға ие болып табылады.

Бұл мақалада дәрілік өсімдіктер жиынтығының бронхопневмонияға шалдыққан бұзаулардың морфологиялық көрсеткіштеріне әсер етуінің ғылыми-зерттеу нәтижелері көрсетілген. Зерттеу нәтижелері пайдаланылған дәрілік өсімдіктердің көкірек жиынтығының бұзау қанының морфологиялық көрсеткіштеріне әсер ететінін көрсетті. Тәжірибе тобындағы бұзаулар қанының морфологиялық көрсеткіштерінің шекті көтерілуі зерттеудің 14-ші және 21-ші тәуліктерінде тіркелді. Сонымен, мысалы, лейкоцит, лимфоцит, моноцит, эритроцит және гемоглобиндердің мөлшері бақылау тобына қарағанда тиісінше 36,8; 22,2; 22,7; 5,8; 16,9% - ға көтеріледі.

Кілт сөздер: көкірек жиынтығы, бронхопневмония, гематология, морфология, фондық көрсеткіштер, тәжірибелі топ, бақылау тобы, көлемі, концентрациясы, әсер етуші негізі.

Қысқартылған сөздер: WBS, Lim, Mon, Gra, RBS, MCV, Hct, MCH, RDW, Hgb, RCT, MPV, PDW, M/mm³.

Кіріспе

Бағып-күтілуі, азықтандыру мен пайдалануына байланысты ауылшаруашылық малдар патологиясы ішінде ең көп тіркелетіні төлдің жұқпалы емес аурулары болып табылады. Статистика жұқпалы емес аурулар ішінде тыныс алу жолдарының зақымдануы 20-30%-ын алатынын және таралуы бойынша екінші орында екенін көрсетеді [1,2].

Қазіргі таңда тыныс алу жолдарының ауруларын емдеу мақсатында көптеген антибактериальді препараттар қолданылады (антибиотиктер, сульфаниламидті препараттар және т.б.). Өсімдіктерден дайындалатын емдік заттар бірталай ауруларды емдеуде үлкен маңызға ие. Пайдаланылатын дәрілік заттардың 40%-ы емдік мақсаттағы өсімдік шикізаттарынан жасалады. Дәрілік өсімдіктерді ветеринарияда пайдаланудың артықшылығы, оның мал өнімдерін ластамайтыны, сондықтан да мал ағзасының аллергия, сенсбилизация, интоксикациясына жол бермейтіні болып табылады [3].

Шарипбаевтің мәліметтеріне қарағанда (1988) Қазақстан Республикасының аумағы әр түрлі емдік өсімдіктерге бай және оларды клиникалық ветеринариялық тәжірибеде қолдануға болады. Қазақстан Республикасында табиғи емдік өсімдіктермен

тыныс жолдары ауруларын емдеу жайлы зерттеу жұмыстары біршама зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген [4,5,6,7,8,9,10].

Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеттері және олардың биологиялық, химиялық құрамын зерттеу, пайдалану әдістері келесі ғылыми басылымдарда нақты суреттелген және баяндалған [11,12,13,14,15,16,17].

Осы мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының табиғи байлығын есептегенде, өсімдіктерден дайындалатын дәрілік заттардың күшті әсері олардың биологиялық белсенділігінің жоғары болуына байланысты ветеринариялық қызметтердің ғылыми фитотерапияға деген қызығушылығын арттыру керек. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану олардың құрамындағы биологиялық белсенді заттар-әсер етуші көздердің ағзаға аз мөлшерде түссе де белгілі бір физиологиялық және терапевтік әсер етуімен негізделген.

Материалдар және зерттеу әдістері

Ғылыми-тәжірибелік жұмыстар Алматы облысына қарасты Талғар ауданындағы «Алипов Т» жеке шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибеге жіті түрде өтетін бронхопневмонияға шалдыққан алатау тұқымының бұзаулары алынды. Бұзаулар 2 топқа бөлінді: тәжірибе және бақылау. Тәжірибе тобындағы бұзауларға (өгей шөп (*Tussilago farfara*), емдік шатыраш (*Salvia officinalis*), хош иісті шегіргүлден (*Viola odorata*), емдік жалбызтікеннің тамырынан (*Althaea officinalis*), жалаң мия тамырынан (*Glycyrrhiza glabra*), биік қараандыз тамырынан (*Inula helenium*) дайындалған қайнатпа және тұнба ауыз арқылы берілді, цефазолин антибиотигі және тетравит витамині бұлшық етке егілді, ал бақылау тобына цефазолин егіліп отырды. Өсімдіктердің жұмсақ бөліктерінен 1:10 қатынасында тұнба (өгей шөп, емдік шатыраш, хош иісті шегіргүл) дайындалды, ал қатты бөліктерінен (емдік жалбызтікен, жалаң мия, биік қараандыз тамырларынан) осы қатынаста қайнатпа дайындалды. Қайнатпа мен тұнба бұзауларға резеңке бөтелкелермен ішкізілді.

Зерттелінетін қан келесі кезекпен: медикаменттер мен көкірек жиынтығын қабылдағанға дейін және қабылданғаннан кейінгі 7, 14, 21, 28-ші тәуліктерінде алынды.

Қанның морфологиялық көрсеткіштерін зерттеу Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институтының «Тағам қауіпсіздігі» зертханасында MS4 автоматты гематологиялық анализатор (Франция) көмегімен жүргізілді.

Анықталған нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген. Сапа бақылауы: қан Еуропа стандарттарына сәйкес үш сатылы бақылау бойынша анықталды. Әр көрсеткішке сызба, статистикалық кесте және нобайлары бар нақты есептеулер берілді.

Нәтижелері

Зерттеу нәтижелері №1-ші кестеде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері препараттарды пайдаланғанға дейін екі топтағы бұзаулардың фондық ағымдағы көрсеткіштері бірдей болғандығын көрсетті. Зерттелінетін көрсеткіштердің өзгерістері зерттеудің келесі мерзімдерінде байқалды. Тәжірибе тобындағы бұзаулардың лейкоциттері (WBS) 7,14,21 және 28-ші тәуліктерде бақылау тобындағыларға қарағанда тиісінше 16,0; 34,5; 36,8 және 11,3%-ға жоғарылады. Тәжірибе тобындағы жануарларда лимфоциттердің (LYM) мөлшері бақылау тобына қарағанда тиісінше 11,7; 22,2; 16,6 және 15,7%-ға жоғарылағандығы байқалды [$P<0,01$; $P<0,05$; $P<0,001$].

Моноциттердің (MON) мөлшері тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда тиісінше 27,9; 33,6; 39,1 және 26,7%-ға көтерілді. Зерттеудің 7-ші тәулігінде гранулоциттердің концентрациясы тәжірибе тобында бақылау тобымен салыстырғанда 5,9%-ға, ал 14,21, 28-ші тәуліктерде 14,9; 22,7 және 20,5%-ға жоғарылады [$P<0,01$; $P<0,05$; $P<0,001$].

Зерттеудің 7, 14, 21 және 28-ші тәуліктерінде эритроциттердің концентрациясы тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда тиісінше 2,1; 2,8; 5,8 және 4,8%-ға көтерілді. Эритроциттердің орташа көлемі (MCV) тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда көбірек болды.

Гематокрит көлемі (Hct) де тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда жоғары екендігі анықталды. Осылайша, жоғарыда көрсетілген мерзімде гематокрит көлемі тәжірибе жануарлар тобында бақылау тобына қарағанда тиісінше 5,9; 4,5; 3,0 және 5,7%-ға көтерілді. Эритроциттегі гемаглобиннің орташа мөлшері (MCH) тәжірибе жануарлар тобында бақылау тобына қарағанда көбірек болды және ол 10,1-ден 12,46 гр% шегінде болды, ал эритроциттегі гемаглобиннің орташа концентрациясы тәжірибе жануарлар тобында 29,30-дан 36,32%-да, ал бақылау тобында 29,48-ден 31,83% аралығында болды [$P<0,01$; $P<0,05$].

Зерттеудің 7, 14, 21 және 28-ші тәулігінде тромбоциттердің анизацитозы тәжірибе тобындағы жануарларда 15,70-тен 17,74%-ға, бақылау тобында тиісінше 15,63-тен 16,98%-ға көтерілді [$P<0,05$].

Зерттеудің 7, 14, 21 және 28-тәулігінде зерттелінетін гемоглобиннің мөлшері тәжірибелі жануарлар тобында бақылаудағы топқа қарағанда тиісінше 10,3; 6,9; 9,8 және 16,9%-ға көтерілді [$P<0,05$].

Тромбоциттердің концентрациясы (PLT) зерттеудің барлық мерзімінде зерттелген топтарда көтеріліп отырды, бірақ тәжірибелі топтағы бұзауларда айқын түрде байқалды. Жоғарыда көрсетілген зерттеу күндері тәжірибелі топтағы бұзауларда тромбоциттердің дәрежесі бақылаудағы топтарға қарағанда сәйкесінше 7,7; 9,0; 9,3 және 8,1%-ға көтерілді. Тромбоциттердің орташа көлемі (MPV) тәжірибелі топтағы бұзауларда 7,70 тен 8,98%, ал бақылаудағыларда 7,85-тен 8,84% арасында болды [$P<0,01$; $P<0,05$; $P<0,001$].

Анизацитоз көрсеткіштері (PDW) жоғарыда көрсетілген зерттеу мерзімдеріне сай тәжірибелі топта сәйкесінше 8,6; 7,9; 5,1 және 6,0% болды.

Алынған қанның морфологиялық көрсеткіштері тәжірибелі топтағы бұзауларда айқын көтерілді. Осылайша, лейкоциттер мөлшері 0,03 тен 34,32 M/mm^3 -ға; лимфоциттер 44,4 тен 89,3%-ға; моноциттер-3,98-ден 7,78%-ға; гранулоциттер-21,4-тен 42,2%-ға; эритроциттер-7,44-тен 8,82 M/mm^3 -ке; гематокрит-25,64-тен 29,01-ге; гемаглобин-8,53-тен 10,05g/dl-ге; тромбоциттер 321,3-тен 417,6 fl-ға; анизацитоз көрсеткіші-8,60-тан 10,22%-ға көтерілді. Морфологиялық көрсеткіштер концентрациясының көп мөлшерде жоғарылауы зерттеудің 14-ші және 21-ші тәуліктерінде тіркелді. Бақылау тобындағы бұзаулардың көрсеткіштері тәжірибе тобына қарағанда төмен болды.

Қорытынды

Сонымен, зерттеу нәтижелерін сараптай отырып дәрілік өсімдіктердің көкірек жиынтығы, цефазолин антибиотигі және тетравит витаминдерімен кешенді айқын фармокореттегіш әсерге ие екені дәлелденді. Емдік өсімдіктердің фармокотерапевтік әсерін оның құрамындағы биобелсенді заттардың бар болуымен түсіндіруге болады.

Әдебиеттер

1. Марчук Г.И., Вербенцова З.П. Острые пневмонии, иммунология, оценка тяжести, клиника, лечение/Наука, М.: 1989.с.63-68
2. Муралинов К.К. Диагностика лечение и превентизация легочных болезней животных// Мат. IV-й Международной научно-практической конференции, Улан-Батор, 2001, с 301-302.
3. Бородай Г.П. Профилактика респираторных заболеваний молодняка с.-х. Животных,-Киев, УкрНИИТИ, 1978-с. 18-22.
4. Шарипбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. –Алматы, Издательство «Қайнар» 1988, -149с.
5. Билялов Е.Е. Бұзау бронхопневмониясы патогенезіндегі морфофункционалдық және иммунологиялық көрсеткіштер. Дис.к.в.н., Алматы, 2007-87б.

6. Ұлан Қожақан. Жануарлардың бронхопневмониясына шегіргүлден дайындалған препараттың әсері: дисс.к.в.н., Алматы, 2010, -111 с.
7. Кукунов М.К., Рахимов К.Д., Лекарственные растения Казахстана и их использование. –Алматы, 1996-149 с.
8. Гахиян Р., Асенов И. Лечение животных травами. Алма-Ата, 1988-174 с.
9. Ушбаев К.У., Никонов Ч.К. Целебные свойства растений Казахстана. – Алматы, 1994.
10. Вильданов Р.Х., Вильданова Р.Х. Лекарственные травы респираторной патологии у телят Ж.Ветеринария-2005-№4-с. 11-13.
11. Муравьева Д.А. Фармокогнозия/М.: «Медицина», 1978. -656 с.
12. Рабинович М.И. Ветеринария фитотерапия. –М.: Агропромиздат, 1988-174с.
13. Беффа М.Т. Лекарственные растения. /Научно-популярное издания/ перевод с итальянского. М.: Астрель 2005-255с.
14. Липницкий С.С. Фитотерапия в ветеринарной медицине. –Минск/, Беларусь, 2006-286с.
15. Коробов А.В., Бушукина О.С., Сбитнева М.Н. Лекарственные и ядовитые растения в ветеринарии. Санкт-Петербург.
16. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения. Большая энциклопедия народной медицины. Москва, 2013-605с.
17. Калиев С. Емдік рецептер энциклопедиясы, Алматы, 2010-494б.

Молдабаева Г.М., Заманбеков Н.А., Туруспаева Ш.Д.,
Шыныбаев К.М., Сиябеков С.Т.

Таким образом, анализируя полученные результаты исследований следует отметить, что использованный грудной сбор лекарственных растений в комплексе с антибиотиком цефазолин и тетравит обладают выраженным фармакокорректирующим действием. Следует полагать, что выраженный фармакотерапевтический эффект лекарственных растений объясняется наличием в их составе биоактивных действующих начал.

Ключевые слова: грудной сбор, бронхопневмония, гематология, морфология, фоновые показатели, опытная группа, контрольная группа, величина, концентрация, действующее начало.

Moldabaeva G.M., Zamanbekov N.A., Turuspaeva Sh.D.,
Shynybaev K.M., Siyabekov S.T.

INFLUENCE OF COLLECTION OF MEDICAL PLANTS ON MORPHOLOGICAL INDEXES OF CALF PATIENT WITH A BRONCHOPNEUMONIA

Thus, analyzing the results of research, it should be noted that breast collection of medicinal plants used in conjunction with an antibiotic cefazolin and tetravit have a pronounced farmakokorregir effect.

It should be assumed that the pronounced farmakoterapevtičeskij effect of medicinal plants is due to the presence of bioactive acting began.

Keywords chest collection, bronchopneumonia, hematology, morphology, background levels, the experimental group and a control group, the magnitude of the concentration of active principle.

Кесте – 1. Көкірек жиынтығының бронхопневмониямен ауырған бұзау қанының морфологиялық көрсеткіштеріне әсері

Зерттеу күндері	Топтар	Көрсеткіштер														
		(WBC) Лейкоциттер, М/мм ³	(LYM) Лимфоциттер, %	(MON) Моноциттер, %	(GRA) Гранулоциттер, %	(RBC) Эритроциттер, М/мм ³	(MCV) Эритроциттердің орташа көлемі, f1	(Hct) Гематокрит, %	(MCH) Гемоглобиннің эритроцитадағы орташа көрсеткіші, pg	(MCHC) Гемоглобиннің эритроцитадағы орташа концентрациясы, g/dl	(RDW) Тромбоцит анизоцитозының көрсеткіші, g/dl	(Hgb) Гемоглобин, g/dl	(PLT) Тромбоциттер, М/мм ³	(MPV) Тромбоциттердің орташа көлемі, fl	(Pct) Тромбоцитокрит	(PDW) Анизоцитоз көрсеткіші, %
1	O	10,03	44,4	3,98	21,4	7,44	32,34	25,64	10,1	29,30	15,70	8,53	321,3	7,70	0,25	8,60
	K	10,16	37,08	3,83	19,64	7,92	33,76	25,96	10,0	29,48	15,63	8,32	323,6	7,85	0,29	8,74
7	O	16,05	71,05	5,69	25,48	8,35	34,6	27,88	10,6	31,16	16,85	9,75	357,3	8,86	0,34	9,88
	K	13,84	63,58	4,45	24,05	8,18	34,5	26,32	10,3	30,48	16,12	8,84	331,8	8,68	0,30	9,10
14	O	22,66	74,6	6,68	37,8	8,52	35,3	28,75	10,95	34,45	16,98	9,52	384,3	8,98	0,36	9,82
	K	16,85	61,04	5,00	32,9	8,29	35,1	27,52	10,62	31,72	16,35	9,18	371,7	8,78	0,32	9,39
21	O	34,32	89,3	7,78	42,2	8,82	36,2	29,01	12,46	36,32	17,74	10,05	417,6	8,84	0,37	10,22
	K	25,08	76,6	5,80	34,4	8,34	35,6	28,16	11,40	31,83	16,39	9,15	382,1	8,45	0,33	9,72
28	O	18,75	82,7	6,12	36,4	8,57	35,5	29,08	12,32	34,72	16,88	9,78	380,3	8,80	0,35	10,00
	K	16,85	71,5	3,83	30,2	8,18	34,9	27,52	11,31	30,38	16,08	8,36	331,7	8,33	0,31	9,43